ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

ОРГАНИЗАЦИЯ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Астана
2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

Пікір жазғандар:
Салиева А.Ж. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, доцент, п.ғ.к.
Диханбаева Г.Е. меңгеруші
Сейдахмет Б.Б. әдіскер

Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекетті ұйымдастыруға әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2016. -36 б.

Әдістемелік ұсынымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 3-6 жастағы балаларға арналған театрландырылған әрекетті ұйымдастыру бойынша материалдар берілген.

Ұсынымдар білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріле отырып әзірленген және балаларды эмоциялық жағымды және жалпы адами құндылықтарға баулуға бағытталған.

Аталған ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне, ЖОО мен колледждердің педагогтық мамандығы бойынша оқитын студенттеріне арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде (2016 жылғы 10 наурыздағы №3 хаттама) ұсынылған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
Республикалық орталығы, 2016

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бүгінгі таңда балалардың негізгі қабілеттері қалыптасатын және дамитын, мектеп жасына дейінгі кезеңдегі тұлға дамуының ерекше өзектілігіне айырықша назар аударылуда. Оның ішкі мәдениетінің байлығы, зияткерлік еркіндігі, биік шығармашыл әлеуеті, жоғары көркемдік талғамы, тұлғааралық, ұлтаралық және әлеуметтік қарым-қатынаста төзімділік таныта білуі қазіргі заманғы жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға қажетті жағдайлар болып табылады.

Театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыруға және әдістемесіне байланысты жұмыстар тәжірибесін оқып үйрену отандық және шетелдік ғалым-педагогтардың: Д. Элькониннің, А. Запорожцтің, Т.Н.Доронинаның, И.Медведеваның, Т.Шишованың, В.Н.Андросованың, Б.Б.Баймұратованың, Л.А.Давиденконың, А.Б.Қаржаубаевтың, Т.Қолдыбаеваның, А.К.Меңжанованың және басқалардың еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан.

Отандық және шетелдік әдебиеттерге талдау жасау балалардың қатысуымен болатын театрлық қойылымдар олардың дамуында, өзінің мүмкіндіктері мен ішкі сенімсіздігін жеңуде маңызды роль атқаратынын көрсетті.

Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасында балалардың театрландырылған әрекеттері көркем әрекеттердің бір түрі ретінде қарастырылады және «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта», «Денсаулық» білім беру салаларымен кіріктірілген «Қатынас» білім беру саласының құрамына енеді. Балалардың дербес және бірлескен әрекеттерінде балаға өз ойын еркін айту мүмкіндігі беріледі.

Әдістемелік ұсынымдардың құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады: «Түсіндірме жазба», «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда театрландырылған әрекеттердің ролі», «Театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру бойынша жұмыстардың заманауи түрлері мен әдістері» және қорытынды.

Әдістемелік ұсынымдардың **мақсаты** мектеп жасына дейінгі балаларға театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру және өткізу жөнінде тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған әрекеттерін дамытуға арналған заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;
- ойын, ән және биді ойдан шығарып орындау арқылы балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруға ықпал ету;

- шынайы өмірдегі және қиялындағы жағдаяттарда балалардың әлеуметтік тұрғыда дамуына ықпал ететін олардың ынтымақтастық тәжірибесін байыту;

- балалардың шығармашылық белсенділігінің артуына және эмоциялық жағдайына қолайлылы мүмкіндіктер туғызу.

Күтілетін нәтиже:

- мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекеттердің алуан түрлерін ұйымдастыру және өткізу әсілдерін меңгереді.

Аталған әдістемелік ұсынымдардың мазмұнын жүзеге асыру педагогтардың кәсіби құзіреттілігін арттыруға, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны байытуға, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекеттерді толыққанды дамытуға мүмкіндік береді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ТҰЛҒАСЫН ДАМЫТУДА ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕРДІҢ РӨЛІ

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттер - бұл тұлға шығармашылығына бағытталған тәрбие, баланың шығармашылық әлеуетін ашудың мүмкіндігі. Театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру баланың қызығушылығы мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі, жалпы дамуына, білуге құштарлығының айқындалуына, жаңаны тануға деген ұмтылысын, жаңа ақпараттарды және әрекеттердің жаңа әдістерін игеруге, ассоциативті ойлануға; рөлдерді орындау кезіндегі эмоцияның, ақыл-парасатының көрінуіне, мақсатқа жету үшін ұмтылуына, табандылығының дамуына ықпал етеді.

Балалар қоршаған әлемдегі қызықты иделарды байқауға, оларды қолдана білуге, кейіпкердің өзіндік көркем бейнесін құруға үйренеді, оларда балалар шығармашылығының кең тараған түрі шығармашылық қиялы дамиды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуымен қатар мектеп жасына дейінгі балалар өміріне театр мықтап енді.

Театр – балаларға арналған ең қолжетімді және демократиялық өнердің бір түрі және ол:

- балалардың шығармашылық тұрғыда дамуына;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына;
- адамгершілік тәрбиесіне;
- тұлғаның коммуникативтік қабілеттерінің (ауызша және ауызша емес тілдесудің түрлеріне оқыту) дамуына;
- ерік-жігерін тәрбиелеуге, зейінін, елестете білуін, бастамашылдығын, қиялын, тілін (диалог және монолог) дамытуға;
- оң эмоциялық көңіл-күй құруына, шаршағанды басуына, даулы жағдаяттарды ойын арқылы шешуге ықпал етеді.

Театрландырылған әрекеттер мазмұндық-рөлдік ойындармен өте тығыз байланысты және оның бір түрі болып есептеледі.

Баланың есеюі бірнеше кезеңмен өтеді, сондай-ақ оның ойындары да бірнеше кезеңмен дамиды: заттармен сынақ жасаудан басталып, оларды бейнелеу үшін ойыншықтармен және заттармен танысады; одан кейін алғашқы мазмұндық көріністер пайда болады, содан соң рөлді сомдайды және ақырында, мазмұнды дарамалайды.

Балалар өздеріне рөл таңдайтын және алмастыратын – заттарды қолдана отырып, әрекеттер мен ересектердің қарым-қатынасын жинақталған түрде жаңғыртатын мазмұндық-рөлдік ойындарды Д. Б. Эльконин шығармашылық сипаттағы әрекеттер деп атайды.

Белгілі балалар психологы А. В. Запорожец баланың қиялындағы жағдаяттарда ойша әрекет ете білу білігін қалыптастыруда театрландырылған ойындардың рөліне маңыз берді.

Театрландырылған әрекеттер сезімдердің, терең аяушылықтың және баланың ашылуының қайнар көзі болып табылады, оны рухани құндылықтарға баулиды. Баланың эмоциялық саласының дамуында театрландырылған сабақтардың маңызы зор, кейіпкерлерге жаны ашиды, орындалған ойындағы оқиғаларға аяушылық білдіреді.

Осылайша, театрландырылған әрекеттер – адамның мимикасы, ымы, дауыс ырғағы бойынша эмоциялық күйін тану қабілетін, яғни балалар эмпатиясын дамытудың басты тетігі. Басқалардың жетістіктеріне қуана білу және бөтеннің қайғысына ортақтаса білу үшін, өзін ойша сол адамның орнына қоя білуі қажет.

Бүкіл мектепке дейінгі кезең бойында баланың тілі белсенді түрде: сәби кезеңдегі еріксіз эмоциядан орта топтағы балалардың дауыс ырғағына және мектепке дейінгі ересек жастың мәнерлі тілі дамиды. Мәнерлеп сөйлеуді дамыту үшін, әрбір бала өзінің эмоциясын, сезімін, қалауын және көзқарастарын, әдеттегі әңгімелерде ғана емес сондай-ақ, жариялы түрде, таныс емес тұлғалардың алдында көрсете алатындай жағдайлар туғызу қажет. Адамның көпшілік аудиторияның алдында мәнерлеп сөйлеу дағдысына ерте балалық шақтан бастап баулып- тәрбиелеуге болады.

ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттердің негізгі бағыттары

Мектепке дейінгі ұйымдарда театрландырылған әрекеттер күннің бірінші және екінші жартысында - белгіленбеген уақытта ұйымдастырылуы, басқа сабақтарға үйлесімді түрде енгізілуі, сондай-ақ тіл дамыту және қоршаған ортамен таныстыру бойынша сабақтардың апталық кестесінде арнайы жоспарлануы да мүмкін.

Әрбір балаға дербес қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ету үшін театрландырылған әрекеттердің барлық ұйымдастырылған түрлерін шағын топтарда өткізу ұсынылады. Сонымен қатар, сабақ мазмұнына байланысты шағын топ әр кезде әртүрлі қалыптасып құрылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттердің негізгі түрлері сабақтарда, жеке жұмыстарда, театрландырылған ойындарда, сауықтарда, мерекелерде, үйірме жұмыстарында ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыруға тән ерекшеліктері олардың мазмұнының әдеби негізі және көрермендерінің болуы (Л.В. Артемова, Л.В. Ворошнина, Л.С. Фурмина және басқалар).

Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерге (О.В. Акулова, А.Г. Гогоберидзе және басқа) жасалған талдаулар мектепке дейінгі ұйымдарда мақсатты түрде дамытуға бағытталған театрландырылған әрекеттерді қолданудың тиімділігін дәлелдеді.

Оларды екі негізгі: драмалау және режиссерлік (олардың әрқайсысы өз кезегінде бірнеше түрге бөлінеді) топтарына бөлуге болады.

Драмалық ойындарда «әртіс» ретінде бала рөлдерді орындайды, ауызша және ауызша емес мәнерлілік құралдар кешенінің көмегімен өзбетімен бейнелерді жасай алады. Жануарлардың, адамдардың, әдеби кейіпкерлердің бейнесіне ұқсатып қайталап салатын-ойындар; мәтін негізіндегі рөлдік диалогтар; шығармаларды сахналау; бір немесе бірнеше шығарма бойынша қойылымдар; алдын ала дайындықсыз мазмұнды ойнайтын (немесе бірнеше мазмұнды) сол бойда ойдан шығаратын - ойындар драмалаудың түрлеріне жатады.

Режиссерлік ойындарда ойыншықтар немесе оларды алмастырушылар «әртіс» болып табылады, ал бала «сценарист және режиссер» ретінде әрекеттерді ұйымдастырады, «әртістерді» басқарады. Кейіпкерлерді «сөйлетеді» және мазмұнға түсінік береді, ол ауызша мәнерлеудің түрлі құралдарын қолданады. Балабақшада қолданылатын режиссерлік ойындардың түрлері театрлардың алуан түрлілігіне: үстелдік, жазықтықтық және көлемдік, қуыршақтық (бибабо, саусақтық, марионетка) және басқаларға байланысты анықталады. Театрландырылған әрекеттерді дамыту бойынша жұмыстар жүйесі үш кезеңге бөлінеді:

I. Әдеби және фольклорлық шығармаларды көркем қабылдау;

II.Негізгі («әртіс», «режиссер») және қосымша («сценарист», «көркемдеуші», «костюмер») рөлдерді орындаушы болып қалыптасуы үшін арнайы біліктерді меңгеру;

III. Дербес шығармашылық әрекет.

Қабылдау, ойлау, қиялдау, тілі бір-бірімен тығыз байланыста және балалардың әртүрлі белсенділіктері (тілдік, қимылдық, музыкалық және басқа) арқылы көрінуіне байланысты педагогикалық міндеттер күрделене түседі.

Театрландырылған әрекеттердің бағыттары үш аспекті бойынша:

біріншіден, драмалық мазмұн құруда, яғни берілген әдеби мәтіннің мазмұнын немесе вариативтік шығарманы ия өзі құрастырған мазмұнды түсіндіреді, мағынасына қайтадан ой жүгіртеді;

екіншіден, өзінің ойға алғандарын орындау кезінде, яғни біліктеріне сәйкес келетін көркем бейнені мәнерліліктің әртүрлі құралдарының: дауыс ырғағы, ымы, ишарасы, қимылы, дыбыстаудың көмегімен жүзеге асырады;

үшіншіден, қойылымды көркемдеу – декорация, костюмдер, музыкалық сүйемелдеулер, афиша, бағдарлама (іріктеу, әзірлеу, стандарттан тыс қолданулар) құру арқылы жүзеге асады.

Театрландырылған әрекеттерді қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру

Балалардың бірлескен және дербес театрландырылған әрекеттерін қамтамасыз ету үшін топта бала өз рөлінің мазмұнын еске түсіретіндей, шығарма мазмұнының иллюстрациясын қарастыра алатындай театрлық аймақ немесе театрлық бұрыш жабдықталуы қажет.

Балалардың дербес қызығушылығын жүзеге асыру мақсатында заттық - кеңістіктік ортаны таңдау еркіндігі қамтамасыз етіледі.

Театрландырылған әрекеттер аймағында:

- үстелдік театр;
- шымылдық;
- қуыршақтар жиынтығы (саусақтық және жазықтықтық пішіндер, ертегілерді ойнауға арналған қуыршақ-марионеткалар);
- балалардың өздерінің және тәрбиешілерінің дайындаған театры (басы, саптамасы бар конустар, әртүрлі маскалар, декорациялар);
- түрлі көңіл күйдегі кейіпкерлер;
- кейіпкерлер мен декорациялар жасауға арналған материалдар (түрлі -түсті қағаздар, желім, қалдық материалдар, қарындаштар, бояулар, қайшы және басқа материалдар);
- дайын костюмдер, ертегілерді ойнауға арналған маскалар, қолдан жасалған костюмдер;
- сиқырлы заттарды және кеңістікті белгілеуге арналған атрибуттар-алмастырғыштар (түсті шеңберлер, түрлі ұзындықтағы жолақтар) болуы тиіс.

Сондай-ақ топта сөйлеу белсенділігін дамытуға арналған әдеби бұрыш құрылуы мүмкін. Ол кітаптарға арналған стеллаж немесе ашық витрина, жұмсақ диван, бағдарлама бойынша және балалардың сүйікті кітаптары, «сөйлейтін кітаптар», қолдан жасалған кітаптар, жазушылар мен ақындардың портреттері, ертегілер көрмесі түрінде ұсынылуы мүмкін.

Мектеп жасына дейінгі әртүрлі жас кезеңдеріндегі балаларға театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру

II кіші топ (3 жастан 4 жасқа дейін)

II кіші топтағы (3 жастан 4 жасқа дейінгі) балалармен театрландырылған әрекеттерді ұйымдастырудың басты ерекшелігі ересектердің театрландырылған қойылымдарын бақылаудан біртіндеп дербес ойын әрекеттеріне көшу болып табылады; топтағы рөлдерді орындайтын, дербес ойындардан және үш-бес құрдасымен «қатарласқан ойындар»; фольклорлық және әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін салудан драмалық-ойындарда

кейіпкердің негізгі эмоциясын бере отырып әрекеттерін орындайтын және қарапайым «үлгілік» бейнелерді құруды меңгереді.

Жұмыстың міндеттері мен мазмұны:

- сәбиге таныс әлди, тақпақ, ертегі мазмұнын негізге алып, тәрбиеші көрсететін шағын қуыршақ қойылымдарын көру арқылы, театрландырылған әрекеттерге қызығушылықты қалыптастыру;
- кейіпкерлердің диалогтеріндегі жеке сөз тіркестерін толықтырып, қойылымға енгізу арқылы баланың тілектерін ынталандыру.

Балалардың назар аударуы қадағаланады, соңында қуыршақтар иіледі және олардан ризашылық сұрайды, қолдарын шапалақтайды.

Саусақтық және басқа да театрлық қуыршақтар сабақта да, күнделікті қарым-қатынаста да қолданылады. Олардың атынан ересектер алғыс айтады және балаларды мақтайды, сәлемдеседі және қоштасады. Сабақтардың, сауық кештерінің конспектісіне драмалардың фрагменттерін қосады, арнайы костюмдерін киеді, дауысын және ырғағын өзгертеді.

Тәрбиеші әрекеттерінің маңызды аспектісі бұл драмалық-ойын түрлерін меңгерту арқылы балалардың ойындық тәжірибелерін біртіндеп кеңейту. Аталған міндеттер драмалық-ойындар мен ойындық тапсырмаларды:

- адамның, жануардың және құстардың жеке әрекеттеріне (балалар оянады-керіледі, торғайлар қанаттарын сермейді) еліктейтін ойындар және адамдардың негізгі эмоцияларына (күн шықты - балалар қуанады: жымияды, шапалақтайды, тұрған орнында секіреді) еліктеу;
- кейіпкердің негізгі эмоциясын бірізді әрекеттермен беретін тізбектелген еліктеуіш-ойындар (көңілді матрешкалар алақандарын шапалақтайды және билей бастайды; қоян түлкіні көріп қалып, қорқып кетеді және ағашқа секіріп шығады);
- жақсы таныс ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еліктейтін-ойындар (қорбаңдаған аю үйшікке келе жатыр, батыр қораз жолмен адымдап келеді);
- музыкаға ойдан шығарылатын-ойындар;
- оқылатын тақпақ мәтіндерімен және достық әзілдерімен, бір ғана кейіпкермен, сөзсіз, бірсарынды және сол бойда ойдан шығарылатын–ойын;
- тәрбиеші әңгімелейтін шағын ертегі, әңгіме және тақпақ мәтіндеріне сол бойда ойдан шығарылатын - ойын;
- ертегі кейіпкерлерінің рөлдік диалогтары;
- жануарлар туралы ертегі фрагменттерін сахналау;
- халық ертегілері мен авторлық мәтіндер бойынша бірнеше кейіпкерлермен драмалық-ойындарды біріздiлікпен күрделендіру арқылы жүзеге асырылады.

- Бұл жастағы балалардың алғаш рет режиссерлік театрландырылған ойындарды –үстелдегі ойыншықтар театрын, үстелдегі жазықтықтағы театрды, фланелеграфтағы жазықтықтық театрын, саусақ театрын игеруі байқалады.

Игеру үдерісі халықтық және авторлық тақпақтар, ертегі, әңгіме мәтіндері бойынша шағын-қойылымдарды қамтиды. Саусақ театрында балалар пішіндерді берілген тақырыптар бойынша ересектермен бірлесіп қолдана бастайды.

Күтілетін нәтижелер:

- «көрермен» тұрғысындағы алғашқы дағдыларға ие (ізгі тілегі бар көрермен бола біледі, соңына дейін көреді және тыңдайды, алақанын шапалақтайды, қойылымды орындағын «әртістерге» ризашылық білдіреді);
- режиссерлік театрландырылған ойындарда мәнерліліктің (ым, ишара, қимыл, дауыс күші мен тембрі, сөзінің қарқыны) кейбір құралдарын қолдануды біледі, «әртіс» тұрғысындағы алғашқы дағдыларға ие, кейіпкердің бейнесін, оның эмоциясын, күйзелісін және қуыршақты немесе пішінді дұрыс ұстауды, жүргізуді бере біледі;
- ойынға басқа қатысушылармен өзара әрекеттер жасай алады.

Орта топ (4 жастан 5 жасқа дейінгі)

Орта топтағы балалардың (4 жастан 5 жасқа дейінгі) театрландырылған әрекеттерінің ерекшелігі «өзі үшін» ойналатын ойыннан біртіндеп көрерменге бағдарланған ойынға көшуден тұрады; үдерістің өзі негізгі болатын ойыннан, үдеріс те, нәтиже де маңызды болатын ойынға ауысады; құрдастарымен шағын топта тәріздес («параллель») рөлдерді орындаудан, бес-жеті құрдасынан тұратын топта әртүрлі рөлдерді орындауға (теңқұқылы, бағынуға, басқаруға) көшеді; драмалық-ойындарда қарапайым «үлгілік» бейнелерді құрудан, эмоция, көңіл күй, кейіпкердің жағдайы, олардың ауысуы құрамдасатын тұтас бейнелерді сомдайды. Бұл жас кезеңінде *театрландырылған ойындарға қызығушылығы* артады.

Жұмыстардың міндеттері мен мазмұны:

- театрландырылған ойындарға қызығушылықтарын қолдау, оны саралау, белгілі бір ойын түріне басымдық беру (драмалау немесе режиссерлік);
- өз ойын білдіретін құрал ретінде ойынға қызығушылығын және ынтасын қалыптастыру.

Балалардың театрлық-ойындар тәжірибесін кеңейту драмалық-ойындар есебінен жүзеге асырылады. Орта топтың балалары меңгерген ойындық-тапсырмалар мен драмалық-ойындардың барлық түрлері мектеп жасына дейінгі орта топтың балаларына пайдалы және қызықты. Мәтіндерді күрделендіру күрделі мазмұнымен, мағынасына және эмоциясына байланысты шағын мәтіндердің болуымен, кейіпкерлердің қызықты бейнелерімен, нақты тілдік құралдарымен ерекшеленеді.

Жоғарыда аталған ойындармен қатар балалармен жұмыста:

-екі-үш бөлімнен тұратын жануарлар туралы ертегілер мен сиқырлы ертегі мәтіндері бойынша көп кейіпкерлі драмалық-ойындар;

-«Балалар және олардың ойындары», «Балалар мен аңдар», «Ересектер еңбегі» тақырыбындағы әңгіме мәтіндері бойынша драмалық-ойындар;

-шығармалар бойынша қойылымдарды сахналау қолданылады.

Қайталайтын және сол бойда ойдан шығарылатын ойындар бейнелі-ойындар этюдтерінің мазмұндық негізін құрайды. Балалардың ойындық тәжірибесі театрландырылған ойындар есебінен кеңейеді. 4-5 жастағы балалар үстелдік театрлық ойындардың әр алуан түрін: жұмсақ ойыншықтармен, ағаштан жасалған театрды, халықтық ойыншықтар мен жазықтықтық пішіндер театрын меңгереді.

Қуыршақпен шай ішу әрекеттері жаңа мазмұнға ие. Балаларға үлкен қуыршақтар (шымылдықсыз, оқу жылының соңында шымылдықпен) театры да, қасықтар театры да қол жетімді. Балалар поэзиялық және прозалық қойылымдар көрсетеді. Саусақ театрында бала таныс әлди мен тақпақтар негізінде сол бойда ойдан шығарып дербес әрекеттерді қолданады, өзінің сөзіне сай қимылдар жасайды. Баланың театрлық-ойындар білігі айтарлықтай күрделене түседі.

Күтілетін нәтижелер:

- «көрермен» болу дағыдысын меңгерген, ізгі тілекті және зейінді көрермен бола біледі, көрерменнің мәдениетін байқатады (қойылым кезінде өз орнын тастап кетпейді, «сахнадағы» көріністерге немқұрайлы қарамайды, «әртістердің» сұрағына жауап береді, шапалақтарымен ризашылық білдіреді; құрдастарының ойындарын – «әртістерді» оң бағалайды);
- «әртіс» тұрғысындағы дағдыларды меңгерген, ауызша емес құралдарды (ым, ишара, қалып, қимыл) және кейіпкер бейнесін, эмоциясын, олардың дамуын және ауысуын беру үшін дауыс мәнерін қолдану біледі;
- қуыршақты «басқаруды» біледі: режиссерлік театрлық ойындарда көрермендерге байқатпай ұстауды, кейіпкердің пішінін немесе қуыршақты дұрыс жүргізеді, жүруді, жүгіруді, секіруді, ишараны және қимылды үйлестіреді, сәлемдесу мен қоштасуды, келіскенді және келіспегенді белгілей алады;
- режиссерлік театрландырылған ойындарда «режиссер» тұрғысындағы алғашқы дағдыларды меңгерген, яғни үстел бетіндегі жазықтықта ойын кеңістігін құра біледі, өз қалауы бойынша оны пішіндермен және ойыншықтармен толықтырады;
- ойынға арналған орынды анықтайтын, атрибуттарды іріктейтін қабілеттері, материалдарды және костюм элементтерін вариативті қолдана біледі, ойынға қажетті жетіспейтін атрибуттарды тәрбиешілердің дайындау

үдерісіне қатысатын «қойылымды көркемдеушінің» негізгі біліктерін меңгерген;

- ойындағы басқа қатысушылармен өзара әрекеттесе алады, келісім жасай біледі, рөлдік қарым-қатынастарды бекітеді, ойын барысындағы даулы жағдаяттарды шешудің қарапайым тәсілдерін меңгерген.

Ойын мазмұнын ойластыру және түрлі мәнерлілік құралдардың көмегімен ойластырылған кейіпкерді іске қосу кезінде тәрбиеші шығармашылықты, қызығушылықты дамытуға және сол бойда ойдан шығаратынына назар аударуы қажет.Театрландырылған ойындарға кейіпкерлер бейнесін қосу тәсілдерін талқылау және нәтижесін талдау кезінде, сол бойда ойдан шығару негізгі жұмыс болып табылады. Балаларға бір кейіпкерді, мазмұнды, жағдаятты түрліше көрсетуге болатынын туралы қорытынды жасауға әкеледі. Мәтінді өзінше түсінуіне байланысты ойластырылғанды жүзеге асыру әдістерін табуды ынталандыру қажет, ересектерді қайталап көшіру немесе басқа балаға еліктеп әрекет етуге болмайды.

Ересектер тобы (5 жастан 6 жасқа дейін)

Ересектер тобындағы (5 жастан 6 жасқа дейін) балалармен театрландырылған әрекеттердің басты ерекшелігі бір ғана әдеби немесе фольклорлық мәтіндегі ойындардан бала мазмұнды өзі еркін құратын, әдеби негізді баланың еркін түсінуінен немесе бірнеше шығарманы біріктіруі арқылы жаңа біріккен-ойынға біртіндеп ауысуынан тұрады; кейіпкердің ерекшеліктерін бере білу үшін мәнерлілік құралдары қолданылатын ойындардан кейіпкер бейнесін сомдайтын құрал ретіндегі ойындарға ауысады; «әртіс» орталық назарда болатын ойыннан «әртіс», «режиссер», «сценарист», «көркемдеуші», «костюмер» орындарының кешені ұсынылатын ойындарға көшеді, алайда әр баланың ыңғайы олардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарына байланысты; театрландырылған ойыннан қабілеттерін жүзеге асыра алатын және тұлғалық ерекшеліктерін байқататын құрал ретіндегі театрлық-ойын әрекеттеріне ауысады.

Жұмыстың міндеттері мен мазмұны:

- балалардың театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын қалыптастыру. Бұл театрландырылған ойындардың белгілі бір түріне, кейіпкер бейнесіне, мазмұнына, театр мәдениетіне қызығушылығын арттырады;

- театрландырылған әрекеттердегі өзін-өзі көрсету қабілеттері мен қызығушылығының болмауы немесе болуына байланысты, ойынға оң немесе салғырт қарым-қатынастың себептерін сезінуі;

- балаларды театр мәдениетіне баулу, яғни театрдың Қазақстанда пайда болу тарихымен, қолданылуымен, театр ғимаратының құрылымымен, театрда жасайтын адамдардың әрекеттерімен, аталған кәсіптің жарқын өкілдерімен,

театр өнерінің жанрларымен, түрлерімен (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры, сайқымазақтар және т.б.) таныстығы.

Мектепке дейінгі ересек жас кезеңінде драмалық-ойындар мен режиссерлік театрлық ойындардың алуан түрлерін меңгеру есебінен театрлық-ойын тәжірибелері тереңдей түседі. Драмалық-ойындар тәжірибесінің молаюынан балалар белсендірек және ойын мазмұнын таңдауда дербес бола бастайды, шығармашылықпен таңдайды. Мектепке дейінгі ересек жас кезеңіндегі бала бейнелік-ойын этюдтармен қатар, сол бойда ойдан шығарылатын ойындармен, сахналаумен, соның ішінде бірнеше әдеби шығармалардан тұратын «коллаж» негізінде қойылымдарды өзбетімен әзірлеу мүмкін бола бастайды. Марионеткалардың, «жанды қолдары бар» қуыршақтардың, таяққа орнатылған қуыршақтар есебінен режиссерлік ойындар тәжірибесі байи түседі. Қойылым мәтіндері күрделенеді. Оларды терең адамгершілік мағынасы мен жасырын түрде берілген, соның ішінде юморлық шағын мәтіндері арқылы ажыратуға болады.

6 жастан кейінгі балалар ойындарының жарқын ерекшеліктерінің бірі олардың тілдік жоспарға біртіндеп көшуі болды. Бұл әртүрлі мазмұндық ойындардың, соның ішінде қиялдайтын-ойындардың бірігу бағдарымен түсіндіріледі. Ол театрландырылған ойындардың шынайы, әдеби және қиялдағы жоспарлары бірін-бірі толықтыратын негізгі және маңызды бөлігі.

Күтілетін нәтижелер:

- «әртіс» тұрғысында беки түседі, қойылымның идеясына, кейіпкерге және өзіне өзіндік қарым-қатынасын ауызша емес құралдар кешенінің көмегімен, дауыс ырғағы және тілдік мәнері арқылы білдіру қабілеттері дамиды;
- өзінің күшімен және басқа балалардың әрекеттерін ұйымдастыру арқылы өз ойларын қоса білу, іске асыру қабілеттері «режиссер-сценарист» тұрғысына қызығушылық танытады;
- «сахнадағы» және «көремендер залындағы» орнын белгілейді, іріктейді, алмастырушы – заттарды шығармашылықпен қолданады, атрибуттарды, костюмдердің элементтерін өзбетімен әзірлейді, афиша мен шақыруларды дайындайды және т.б. қабілетті, яғни көркемдеуші-костюмердің негізгі біліктерін меңгерген;
- ойынды жоспарлау үдерісінде, ойын барысында (ойын жоспарынан шынайы қарым-қатынас жоспарына ауысады) және театрландырылған қойылым нәтижелеріне талдау жасағанда құрдастарымен тілдесе білудің оң тәсілдерін пайдаланады.

Мектепалды даярлық тобы (6 жастан 7 жасқа дейін)

Әртүрлі қуыршақ түрлерін (үстіндегі және едендегі) қолдана отырып, қуыршақты жүргізудің тәсілдерін игеру білігін дамыту. Дене қимылы, ым, бет қимылы арқылы тіршілік иелері мен заттардың бейнелерін жасауда өзінің іс-

әрекетін серіктесінің іс-әрекетімен келістіріп, ырғақты сезінуге ойнау білігін, сахнада, импровизациялайтын сахналық алаңда бағдарлай білу, түрлі қарқында қимылдай білу дағдыларын қалыптастыру.

Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, олардың мінез-құлықтарының дұрыстығын, көзқарасын, оның адамгершілік ережелерге сәйкестігін талдау жасау. Құрбыларының ортасында өзінің ойын айта білуді, басқалардың ойларын тыңдай білуді дамыту. Ер балалар (күшті, батыл, еңбекқор, қамқор және т.б.) мен қыз балаларға (нәзік, ұялшақ, әдемі, қайырымды және т.б.) тән мінез-құлықтың ерекшеліктері туралы ұғымдарды балалармен талқылау. Шығармалар кейіпкерлеріне жанашырлықпен, аяушылықпен қарауға тәрбиелеу.

Айналасындағы құрбыларының жағымсыз адами қасиеттеріне ықпал ету қажеттілігі мен ұмтылысын қолдау. Адамдардың эмоционалдық жай-күйі, іскерлігі және жеке қасиеттері, мүмкіндіктері, қарым-қатынас сипаты жөнінде балалардың түсініктерін молайту. Мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың театрландырылған ойындары кезінде балалардың алуан түрлі: тілдік, би, сахналық және т.б. шығармашылықтары жетіле түседі. Даярлық тобындағы театрлық сабақтар арнайы іріктеусіз барлық балалармен жүргізіледі. Балалардың оңтайлы саны -12-16 адам, шағын топта 10 адамнан кем болмайды. Сабақ 2 аптада 1 рет ертеңгілік және кешікілік уақытта өткізіледі.

Театрландырылған ойындарды барлық балаларға шағын жаттығуларды қолданып, өзі серіктес бола отырып тәрбиеші өзі жүргізеді. Мазмұнды және рөлдерді ойнауды балаларды өзбетімен таңдау жасай білуге баулиды. Театрландырылған ойындарда қимылды, сөзді, ишараны, ымды әртүрлі нұсқада құрастыра білуі қажет. Тәрбиеші өнер түрлерінің (театр, хореография, поэзия, музыка, бейнелеу) ерекшеліктері туралы түсінік береді. Мектепалды даярлық тобындағы драмалық-ойындар қуыршақтары - кейіпкер болатын, ал бала оларды сөйлетуге және әрекет жасауға ықпал ететін қойылымдарға ұласып кетеді. Бұл олардан ойланып сөйлеуді, өзінің мінез-құлқына, қимылына бақылау жасауды талап етеді.

Мектепалды даярлық тобындағы балалардың театрлық біліктерінің қалыптасқандығын анықтау үшін тәрбиеші оларға сүйікті шығармалары мен мультфильмдерінен шағын көріністерді ойнап беруге ұсыныс жасайды. Тәрбиеші біліктерді: дауыс ырғағының көмегімен кейіпкердің әртүрлі күйін эмоциямен көрсететін, бейнелейтін кейіпкердің мінезі мен көңіл-күйіне сәйкес қалыпқа енетін, өзіне тән мәнерлі ыммен дербес ишараны таңдай білуін қалыптастыратын жаттығулар өткізеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың барлық жаттығулардағы әрекеттері мен қимылдар табатын қиялына еркіндік беру қажет. Театрландырылған әрекеттер үдерісіндегі кейіпкерлердің

мәнерлеп сөйлеуіне, баланың сөздік қорын өзіндік ойларымен байытып белсенділігін арттыруға назар аударады.

Балалар театрландырылған әрекеттер нәтижесінде қайырымдылық пен зұлымдыққа өзінің көзқарастарын білдіреді, қиындықтар мен өзіне сенімсіздіктерді жеңе отырып әлемді таниды.

Жұмыстардың міндеттері мен мазмұны:

- мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашық қабілеттерін театр өнерінің құралдарымен: декорация заттары туралы ұғымдарын тереңдету арқылы дамытуды жетілдіру;
- қуыршақты алып жүру тәсілдерін игеру біліктерін дамыту;
-сахнада бағдарлай білу, қимылдарын ырғақпен үйлестіру, әрекеттерін серіктестерінің әрекеттерімен келістіре білу білігін қалыптастыру. Аталған жас кезеңіндегі балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне адамгершілік нормаларына сәйкес талдау жасай біледі. Ересектер мен құрбыларының арасында өз ойын білдіре алады, басқалардың пікіріне құлақ түреді.

Күтілетін нәтижелер:

- қуыршақты алып жүру тәсілдерін игереді;
- театрландырылған әрекеттердің қатысушысы болуға ұмтылады;
- ойындар мен ойдан шығарылған әрекеттерді мәнерлі орындайды;
- шығарма кейіпкерлеріне аяушылық білдіреді, жанашырлығын көрсете отырып өз ойын білдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттер баланың шығармашылық әлеуетін ашуда және тұлғаның көркемдік бағытын анықтауда айтарлықтай рөл атқарады.

Балалар қоршаған ортасындағы қызықты идеяларды байқауға, оларды іске асыруға, кейіпкердің өзіндік көркем бейнесін құруға үйренеді, олардың шығармашылық қиялы, салыстырмалы ойлауы, күнделікті өмірден ерекшені көре білуі дамиды.

Театр өнері өз әрекеттерін серіктестерінің әрекеттерімен үйлестіруге, оларға кедергі жасамауға, тиімді қимылдар мен әрекеттерді таңдауға, өз кейіпкерлерінің рөлін орындағанда мәнерлілік құралдарын табуға үйретеді.

Театрландырылған әрекеттер көркемдік-тілдік тәжірибесінің дамуында басты роль атқарады және баланың қоршаған ортасын дұрыс түсінуіне көмектеседі.

Мектепке дейінгі жас кезеңіндегі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріндегі әңгімелесуге үйрету кезінде, қимылдық ойындарды өткізуде, әрекеттердің бейнелеу түрлерінде және т.б. театрдың алуан түрін енгізуге болады.

Сондай-ақ, тұлғалық даму мен логопедтік әрекеттерді түзететін психологиялық емдеу кезінде театрландырылған әрекеттер қолданылады.

Сондықтан, театрландырылған әрекеттерді ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік және көркемдік дамуына ықпал етеді және педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2012
2. «Қазақстан республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Жалпы білім беретін оқу бағдарламасының» жобасы. – Астана, 2016
3. Артамонова О.В. Театрализованная деятельность детей дошкольного возраста. – Тольятти, 1995
4. Маханева М.Д. Театрализованные занятия в детском саду. - М.:Сфера шығармашылық орталығы, 2001
5. Деркунская В.А. Организация уголка для театрализованных представлений: мир домашнего театра. - М.: Просвещение, 1999
6. Петрова Т., Сергеева Е., Петрова Е., Театрализованные игры в детском саду. – Москва, 2000
7. Доронова Т.Н. Играем в театр: Театрализованная деятельность детей 4-6 лет. – Москва, 2004
8. Основы дошкольной педагогики /Под ред. Л.В.Запорожца, Т.А.Марковой
9. Воспитание ребенка в игре /Под ред. Д.В. Менджерицкой М., 1979
10. Эльконин Д.Б. Психология игры М., 1978
11. Анищенко О.А. Формирование предпосылок учебной деятельности у детей старшего дошкольного возраста М 1980.
12. Б.Б. Баймуратова, Пособие для воспитателей и родителей, Мектеп 1989
13. Б. Баймуратова, М. Сатимбекова, программа «Балбобек»

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда театрландырылған әрекеттердің ролі	5
3	Театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру бойынша жұмыстардың заманауи түрлері мен әдістері	6
4	Қорытынды	15
5	Әдебиеттер тізімі	16

Разработана на базе республиканского центра «Дошкольное детство»
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Методические рекомендации по организации театрализованной деятельности в дошкольных организациях / – Астана, 2016. – 36 стр.

Рецензенты:
Салиева А.Ж. ЕНУ им. Л.Гумилева, доцент, к.п.н.
Диханбаева Г.Е. заведующая
Сейдахмет Б.Б. методист

В методических рекомендациях представлен материал по организации театрализованной деятельности для детей 3-6 лет в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения.

Рекомендации разработаны с учётом принципов интеграции образовательных областей и направлены на эмоциональное благополучие и приобщение детей общечеловеческим ценностям.

Данные рекомендации адресованы работникам дошкольных организаций, студентам ВУЗов и колледжей педагогических специальностей.

Методические рекомендации по организации театрализованной деятельности в дошкольных организациях рассмотрена и рекомендована Научно-методическим советом Республиканского центра «Дошкольное детство» МОН РК (протокол №3 от 10 марта 2016 г.).

Республиканский центр
«Дошкольное детство», 2016

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Повышенное внимание к проблемам развития личности приобретает особую актуальность в связи с тем, что в дошкольном возрасте происходит формирование и развитие основных качеств ребенка.

Необходимыми условиями формирования современной гармонически развитой личности являются богатство его внутренней культуры, интеллектуальная свобода, высокий творческий потенциал, хороший эстетический вкус, толерантность в межличностном, межнациональном и социальном общении.

